



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар, 2010.-192б
2. Қазақ тілінің грамматикасы Синтаксис. – Алматы 1967.-188б

ӘӨЖ 821.512.122-3.09

«ҚАН МЕН ТЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ Ә.НҰРПЕЙІСОВТІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Нұрлан Салиық

saliykh_95@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қай заманда болмасын адам баласы тіл арқылы дүниенің бейнесін танып білуге, жаратылыстың кескін-келбетін, өмірдің мәнін түсініп ұғуға, түйгенін жеткізуге тырысқан. Содан келіп, бүгінгі таңда тіл ғылымында тілді жасаушыға, тұтынушы адамға, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық артып, жаңа бағыт, жаңаша зерттеулер пайда бола бастады.

«Сөйлеуші адамның» табиғатын, болмысын тану әрекеті В.Гумбольдттің «халықтың рухы», «сана инстинкті» туралы, И.А.Бодуэн де Куртененің «тілдік түсінік», «халықтың тілді сезінуі» туралы пікірлерінен бастау алып, Л.В.Щербаның «лингвистикалық инстинкт», А.А.Леонтьев пен А.М.Шахнаровичтің «тілдік қабілеттілік», Г.И.Богин мен Ю.Н.Карауловтың «тілдік тұлға» туралы зерттеулері арқылы жалғасса, қазақ тіл білімінде арнайы ақын-жазушының тілін талдаған Р.Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» (Алматы, 1968 ж.), Е.Жанпейісовтің «М.Әуезовтің «Абай жолы эпопеясының тілі» (Алматы, 1976 ж.) сияқты еңбектерінде негізі салынған ғылыми үрдістің жалғасы қазіргі таңда Б.Нұрдаұлетова, Г.Мұратова, Ш.Елемесова, Ш.Ниятова, Ф.Қожахметова, Г.Имашева және т.б. зерттеулері арқылы өзіндік сала ретіне дамып келеді [1].

Ғалым Ю.Н.Караулов еңбектеріндегі толықтай сараланып жүйеленген «тілдік тұлға» теориясындағы: «тілдің шекарасынан аспай, ауқымнан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес...адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың,» – деген пікірімен ғалымдар бір ауыздан келіспеске болмас [2,7].

Көптің бірі дара тұлға бола бермейді, ал «тілдік тұлға» болу қиынның қиыны. Жалпы тілдік тұлғаларға тән мынадай өзіндік қасиеттері болуы шарт.

Зерттеуші Ғ.Қ.Хасановтың айтуынша, «тілдік тұлға атану үшін ірі көлемдегі жеке тұлға болу аз. Ол үшін жеке тұлғаның тілін танытатын өткір сөз бен өлмес шығарма керек. Осыған орай, тілдік тұлға атану үшін ақын, жазушы не ғалым, шешен болу керек екендігі түсінікті» [3,...]. Демек, тілдік тұлға болу үшін артына «өлмейтұғын сөз» қалдыратындай сөз өнерін жетік меңгерген және өзіне ғана тән көркемдікке толы сөйлеу мәнері, сөз саптауы, жазу стилі бар тіл майталманы болуы тиіс. Әсіресе, біздің халқымыз «орақ ауызды, от тілді» азаматтарды ерекше қастерлеген. Өйткені, дау-дамайды қарумен ғана емес, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» шеше білген қазақ елі сөз құдіретін жақсы түсініп, сөз маржандарын әрдайым жанына жақын тұтқан.

Кәрібаева С.Е. өз зерттеуінде «тілдік тұлғаның қаруы – сөз, ісі – халыққа игілікті қызмет, жан-дүниесі – өз ұлтының, халқының аяулы перзенті бола алуы» дегеніндей, жай ғана шығармашылық адам болу жеткідіксіз [4,5]. Халқының мұң-зарын, арман-мақсатын, жан тебіренісі мен көңіл толқынын жеріне жеткізе айтып, тіл арқылы ұлтының дүниетанымын, сана сезімін, ой-өрісін көрсетіп, ұлтының көңілінен шыққан шығармасы халықты «игілікке» жеткізетін, ұрпақты жақсылыққа баулып, бақытқа үндейтін құрал іспетті болса ғана, елін-жерін сүйетін, жұрты қадірлейтін азаматтық тұлғасы таныла түседі.

«Тілді тұтынушыда лингвистикалық құзірет, коммуникативтік құзірет, сондай-ақ мәдени-тілдік құзірет болады. Ал тілдік-мәдени құзірет дегеніміз тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған (жазылған) сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі» [5,17]. Олай болса, тілдік тұлғадан ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын тани білу үшін оның ұлттық мәдени құндылықтар: тіл мен дінімізді тереңінен бойына сіңдіріп, ұлттық психологиялық және философиялық теориялық білім бұлағынан молынан сусындаған болуы қажет. Тілдік тұлғаның когнитивтік кеңістігінен өзі өмір сүріп отырған қоғамның ұлттық мәдени-тілдік танымдық базасы айдай жарқырап тұру керек.

«Өзге жеке адамдарға ұқсамайтын өзіндік ерекше сапалақ қасиеті бар бірегей адам ғана тұлға бола алатыны белгілі. Яғни, елден ерек адам емес, тұлға талаптарына жауап беретін адам – тұлға. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тілдік тұлға да солай. Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылуы тиіс, таныла отырып тарихи тұлға ретінде белгілі болады. Демек, тұлға өмірінің мәні «қарым-қатынас құндылығы» деңгейінде ашылады» [6,12].

Яғни, тіл ұстанушы өмірлік кезеңдерден өсіп-өніп, айналасындағылармен байланысып, пісіп-жетіліп, отбасында қалыптасқан ой-санасы қоғамдық таным-түсінікпен жүйеленіп, одан әрі ұлттық, ұлтаралық, тіпті бүкіл адамзаттық лингво-когнитивтік кеңістікке көтеріледі де, «өмірінің мәні қарым-қатынас құндылығы» - шығармашылық қазынасымен, тіл байлығымен тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Көптің көңілінен шығып, сан қырлы әсемдік пен жан тебіренер әсерге толы шығармашылық туындыларымен әдебиетке өзіндік рең ала келген Әбдіжәміл Нұрпейісов – «тілдік тұлға» деңгейіне жеткен жазушылардың бірі.

Ш.Айтматов: «Мен Нұрпейісовтің кітаптарын баяғыдан бері оқып келемін, оның талантты да татымды прозасына баяғыдан бері ғашықпын. Одан көп нәрсе үйрендім, онымен сан рет сырластым да, бірақ онымен әр кездескен сайын, оны жаңа көріп білгендей боламын да тұрамын. Адам ретінде, сұхбаттас-сырлас ретінде ол әманда терең, салиқалы да сабырлы» - дей келе, Нұрпейісовтің өзгеден ерекше болмысына, тұлғалық адамдығына тәнті болғанын айтса, франциялық Лили Дени «Өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылық білдірген қаламгер қарапайым тілмен үлкен шындықты айта білген. Осынау сөз саптаудағы катал кірпияздығының арқасында Нұрпейісов өзіне ғана тән таңғаларлық қолтаңбасы бар, заманымыздың ең терең жазушыларының бірі дәрежесіне көтерілген» деуі арқылы жазушы тілінің кереметтігін, шоқтығы биік қаламгерлігін көрсетеді [7,...].

Шығармашылық қазыналарындағы «совет мәдениетінің мақтанышы» болған «Қан мен тер» трилогиясын оқып шығып, ғалым-жазушы З.Қабдолов

«қазабы мен рақаты адам айтып тауыса алмас ғаламат жазушылық еңбек» деп қайран қалған екен [8,...]. Өйткені осы трилогияда қазақтың тұрмыс-тіршілігі, қазақ қоғамындағы қайшылықтар, Қазан төңкерісінің қазақ даласына да келіп жеткен шарпуы мен революция кезіндегі халықтың көрген тауқыметісуреттеледі. Осы туындыда жазушы тілінің шеберлігі, тілдік-мәдени құзіреттілігі, өзіндік даралығы, тереңінен тыныстаған тілдік дүние-танымы – тілдік тұлғасы айқын көрінеді.

«Когнитивті лингвистика – танымдық құрылымдардың лингвистикалық сәйкестіктері мен мүмкіндіктерін анықтау, оның негіздері бойынша бір тілдік жағдай қойылатын мақсатқа, әсер етуші себеп-салдарға орай әр түрлі тілдік құралдар арқылы сипатталып, әр келкі деңгейде қабылданады. «Когнитивті лингвистика – тілді жалпы танымдық механизм ретінде қарастыратын бағыт» (В.Демьянков, 21), сол себепті тілдік құрылымдардың ақпаратты өңдеу барысындағы қызметін айқындау, өзге танымдық құбылыстармен байланысын сұрыптау аталмыш саланың негізгі мәселелерін жүйелеуге көмектеседі» [9, 15-16].

«Қан мен тер» романындағы ұлттық санадағы ой-өрісті, халықтың танымындағы ерекшелікті көрсететін кейбір концептілерді когнитивті лингвистиканегізінде талдағанда ғана Ә. Нұрпейісовтің тілдік тұлғасы таныла түседі. Мұратова Г.А. «Абайдың тілдік тұлғасы дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» деген авторефератында концепт ұғымын – «құжымдық санадағы кодталған мәдени ен таңба», «сананың менталдық немесе психикалық

қырын, адамның білімі мен тәжірибесін жеткізетін ақпарат мазмұнын түсіндіруге қызмет ететін категория» және «ұжымдық санадағы және жекелеген индивид санасындағы көпаспектілі, мәдени мәнді, әлеуметтік, философиялық, менталды жасалым» деп түсіндіреді [10,14-15].

«Бақыт» пен «бақытсыздық» концептілері.

Қан мен тер» трилогиясында **«бақытсыздық» концептісі** кеңінен өріс алған, қай жері, қай бөлімі болмасын, «бақытсыздық» исі аңқып тұрады. Шығарманың басында әйеліне өзге бір еркеккіндіктің келіп жүргенінен-ақ Еламан өмірінде бір жамандықтың басталып жатқаны байқалынады. «Бақытсыздық» концептісі «жалғыздық», «жетімдік», «қайғы-қасірет», «қорлық», «сор» сияқты фреймдік ұғымдармен ашыла түседі. Еламанның жеке басындағы қайғы-мұңынан басталып, балықшылардың жүдеу тіршілігі, бастарына түскен тағдыр тауқыметі, одан кейін бүкіл халықтың, төменгі таптың қасіреті әңгімеленеді.

– Ой, құдай-ай!..Бақыттың да көзі соқыр сорлы екен ғой, – деді Рай [11, 38].

Мұнда «бақыт» бейне бір дене-мүшесі бар тіршілік иесі ретінде суреттеліп, балықшылардың қиын тағдырына жаңағы түк көрмейтін «сорлының» қастарына барып, бірге болмауының кесірі сияқты.

– Е, құдайым! «Бақ адасса батпаққа қонады», – деп бұрынғылар біліп айтқан ғой [11, 38].

Ал осы жерде бақытты өздеріне қонбай жүрген, бірақ түнеуге болмайтын өзге бір ұяда тұрып жатқан құс іспетті көреді.

–Осы күні бақ дегеннің де құны төмендеп кетпеді ме. Татар байының дүкеніндегі қызыл ала кездеме сияқты, қалтасында пұлы бар қазақ бақты да сатып алатын боп жүр ғой [11, 38].

«Бақыт» ендігі жерде сатылатын және сатып алынатын тауарға айналады да, байлық жүрген жолда қалталылардың қолында кете баратындығы түсіндіріледі.

«Бақытсыздық» - «шер жұтқан ел», «баласы өлген әйел», «сорлы ана», «қайғылы үй», «өлік жатқан үй» болып заттанып көрінсе, енді бір жерлерде жазушы оны «жабырқау жүз», «көңілсіз дауыс», «суық үрей», «ащы сыр», «мұңды жүз», «күңіреніп шыққан сұмдық үн», «ащы өксік қысқан кеуде» ретінде ойсурет арқылы адам бойынан көрсетеді.

Жазушы «Күйік көтерген», «сорлы», «байғұс» сынды сын есім, есімше сөздермен сипаттап, кейіпкердің бақытсыз халінен хабардар етіп тұрады. Тіпті, адамның көзінен аққан «жасы», денесінен тамған «қаны» - бақытсыздықтың таңбасындай байқалады.

Бақытсыздықтың жаңбыры болып жауатын «айықпас мұң», «басқа түскен бейнет», «ауыр азап», «үмітсіз хал» – схемалық құрылымдарды романда жиі ұшырастыруға болады.

«Қайғыға уланып», «үнсіз елігіп отыр», «жесір қалды», «анасы құсадан қайтыс болды», «соры қайнап қалды», «азап шегіп», «қорыққан сұмдығын көрді» деген сияқты сценарийлік құрылымдар арқылы бақытсыздыққа тап болғандарын көрсетеді.

«Батырлық» концептісінің де романда алатын орны бөлек. Ол «ерлік», «ер жүрек», «жау жүректік», «батылдық» сияқты фреймдік ұғымдармен астасып жатыр.

«Батырлық» - адам бейнесінде: «ер көңілді ксі», «ер қазақ», «қара білек мықты ұры», «ел азаматы» деген тіркестерде адам бойынан көрініс тапса, келесіде «арыстанға» айналып, заттанып сипатталады.

Жазушының санасындағы индивидуалдық танымында «батырлық – қару» модулі де кездеседі. Мысалы:

«Ол ұрымен ұстасып қайтесің. Ол ұры от алғалы тұрған қара мылтық емес пе. Өзіңді жазым етіп жүрмесін, - деді софы» [11, 65].

«Қан мен тер» романында **«Бала» концептісінің** ішіне «шарана», «бөпе», «сәби», «сүт кенже», «жалғызым» ұғымдары кіреді де, баланың жынысына байланысты «ұл», «қыз» сөздері жиі қолданылады. Балаға деген мейіріммен еркелетіп айтылатын «күшік», «мырза» деген қолданыстармен қатар «сотқар бала», «үйдің тентегі» деген сияқты баланың мінез-құлқын білдіретін тіркестер де бар.

– Неге айналаңа көз салып, тәубаға келмейсің! Уа, мен сенен кем бе едім. Сен өлген

балаңа жылап отырсың. Менің, тым құрыса, молада да тілекшім жоқ екенін неге ойламайсың, - деп, жасы үлкендігін арқаланып, зілдене сөйледі [11, 41].

«Ақбаладан көзін тайдырып, пеш түбінде құндақтаулы жатқан балаға қолын созды. Рай құрақ көрпе арасынан жас сәбидың қызылшақа бетін шаққа тапты.

–Мырзамыздың түрі осы, – деді Ақбала күлімсіреп» [11, 103].

«Есейген сайын Бөбек өзінен басқа қорғанышы жоқ қарт ата-анасын аяды. Көзі ұйқыға кеткенше үнсіз жатып жас төгетін боп жүр» [11, 128].

Жазушы дүниетанымында бала – «тәтті тірлік», сонымен қоса, ата-анасының қамын жейтін «тілекшісі», қартайған кездерінде панасы болатын «қорғанышы», артында қалған мал-мүлікке ие болатын «мұрагері».

«Жауыздық» концептісі көрінісі. Трилогияда бай мен кедей, күштілер мен әлсіздер арасындағы тартыста қара ниеттілердің зорлық-зомбылық, қулық-сумдық жасауы негізінде «жауыздық» концептісі құрылады. Оның негізгі тірек ұғымдары – «жау», «жаулық», «қиянат» сөздері.

«Болыстық қолыңа ұстатқан қанды қара балта болса, әуелі Еламан мен Кәленге сілтесем қайтеді?» [11, 65] деген жерде Құдайменде қолындағы билік жауыздықты жүзеге асыратын құрал болады.

«Жаулық ниетке шындап мінген» [11, 87] Тәңірберген: «Тағы айтам, тыңдайды деп айтам: үкімің жүріп тұрғанда, халық ішінде бұғалығыңнан шығып жүрген, ана Кәлен, Еламан, Сүйеу шалдарды шеңгелінде сығып ұста. «жау аяған – жаралы болады», – деп біліп айтқан. Қолда күшің барда ұстасқан кісіңмен аямай ұстасқайсың. Аумалы-төкпелі дүние ғой, бірде жауыңның үстіне шықсаң, бірде жауыңның астына өзің түссең де арманың жоқ» [11, 67], – деп, атарға оғы болмай отырған туған ағасы Құдаймендені одан әрі балықшылармен өштестіріп қояды.

Қолындағы мүмкіндікті құр жібермей, «Кәленді құртқаннан іс бітпейді, сәті түсіп тұрғанда балықшылар ауылына тізе батырып алайық» [11, 114] деген оймен татар байы Теміркені пайдаланып, балықшыларға ор қазып, жамандық тілейді. Бұл жерлерде «тізе батырып алайық», «Сібірге айдатам», «есепін тауып жалғыз жан ашырыңды да құртты», «жаулығын ойлай отырған-ды» сияқты тіркестерден жауыздық байқалынады.

«Бұған Тәңірберген рахаттана күлді:

–Байдың бұнысы асық ойнағанда әлмендірек баланың: «Бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі», – деген көзсіз зорлығындай болды ғой» (116).

Мұндағысценарийлік құрылымда «жауыздық» әлдінің әлсізге жасалған қысымы ретінде танылады.


–Ей, ақшұнақ шал, абайла. Ақ патшаның кісені көп. Күйеу балаңның Қол-аяғына салған кісен, шындасам, саған да табылады.

–Ә, ә, зымиян, аржағыңа түсіндім. Бұл заманда бір ерге бата тиіп, бір ерге қате тиіп жүргені рас. Ал... ал, бірақ дүние кезек. Абралы әулеті, келдек басы өзіңе тигенде... сенің әуселеңді сонда көрерміз [11,126].


Расында, бір жақсыға ризашылықпен алғыс айтылса, кейде оған көре

алмайтындар іштарлықпен қарғыс айтатын әр заманның өз жауыздары болады. Міне, жазушы сондай қатыгездердің бейнесін сомдайды.

«Өлім» концептісінде әркімнің атар таңы, батар күні – ғұмырының таусылғанында «ажалмен»бетпе-бет кездесерінвербалданған «өлу» ұғымымен жеткізеді. Қаламгердің танымы бойынша, өлім – үрейлі қорқыныш, өмірдің соңғы нүктесі, тіршіліктің аяқталуы, жанның денеден шығуы, дененің бұзылуы.



Өмірдің ақырғы сәті



«Соның аяғы, міне... қатын баласынан аулақта, кісі қолынан қаза тапты. Сорлы әкесін өлгесін де күл шыққан адамдай, алыстағы бір төбеге апарып жалғыз өзін жерлепті. Жерлеген кезде өлік басында жан ашыр кісі де болмай, тізеден қазған шұқырға жұмарлап тыға салған болар. Ең аяғы қабыр басына шанышқан тақтай кресті де, түйе сүйкеніп құлатып тастапты» [11, 96]. Өлім концептісіне жерлеу рәсіміне байланысты «қабір», «жерлеу», «өлік», «қабір тақтайы» деген ұғымдар да кіреді.

«Қапырық үйдің ауасы жетпей, тұншығып бара жатқандай, кішкентай аузы ашылып, ұсақ қылқанақ тістері аксиып жатыр екен. Жамал өкіріп жылап, жансыз жатқан баласын құшақтай алды» [11, 107]. «Қарайған дене», «жансыз жатқан бала», «өлі ет» - ойсуретпен де оқырман есіне өлім түсіп тұрады.

«Жаман кісілерше қор боп күнде өле бергеннен көрі, бір тірлікте бір өлген де дұрыс шығар» [11, 78] деген жерден-ақ өлімнің өмір өлшемі екені айтылады.

«Үсіп өлді», «қаза тапты», «гурс етіп құлады», «суға батып кетті», «өлтірді» сияқты схемалық тіркестер арқылы адамның пәни жалғанмен қоштасқаны баяндалады.

«Қан мен тер» романын ерекше мән беріп оқығанда, арасынан толып жатқан жазушының жасырын ойларын, Кеңес Одағы кезінде ашық айталмаған сырларын табуға болады. Олар сөз, сөйлем мен мәтіндердің артында тығылулы тұр.

«Аяғындағы ауыр кісен шылдырап, тұсаулы аттай, кібіртіктеп қозғалып келе жатыр еді; дәл есіктен шығар жерде, түндегі жас қыз жүгіріп кеп, толы жұрттың көзінше қоламтадан алған ыстық күлшені Еламанның қойнына тықты. Бұл жолы да бір жаннан қысылған жоқ» [11,79].

Бұл жердегі «күлше» жай ғана жейтін тамақ емес, жас қыздан рухани демеуі, жан қолдауы! Терең ойға батыратын, астарлы мазмұнмен көмкерілген символдық көрініс жатыр мұнда. Ағаға деген қамқорлық пен жанашырлықтың ұнынан жасалған күлше бұл. Ақан серінің «алтынды қанша қорласаңда жез болмайды» дегеніндей, тағдыр тәлкегіне ұшырап, қолына кісен, аяғына тұсау салынса да, халық әрқашан «асылдың сынығымен» бірге болатыны мәлім. Жазушы осы деталь арқылы азуы шыйнауға, ауызы жұтуға дайын тұратын Кеңес Одағына есіл ерлерімізді қанша қинап, ел азаматтарына қанша күйе жағып, жала жапсаң да, олар мәңгі біздің жүрек төрімізде кіршіксіз таза қаһарман болып қала береді дегісі келгендей, халқы үшін өмір сүргендер әрдайым жұртының ықыласына бөленіп, назарында болатынын жазады.

«...Балықшылар осылай үйді басына көтеріп, дуылдасып жатқанда, ана жақта қазан маңында он шақты қатын бір жерге ұйлығып, сыбыр-сыбыр сөйлеседі. Піш-піш, шу-шу! Ақ жаулықтар екеу-екеуден түйіседі. Кейде үш ақ жаулық бір жерге түйісіп, піш-піштесе қалады» [11, 22].

«Ақкемпір бәлеқор, мекер қатынның сөзін құлағына ілмеді. Ақ жаулық тартқан тәкаппар басын шалқая ұстап, сыртын беріп отыр» [11, 117].

Мұнда бірінші мысалдағы «ақ жаулық» тіркесі – метонимия, «әйел, қосақ, жұбай» деген мағынада [12,212], ал жалпы «жаулық» сөзі – лингво-мәдени бірлік. Қазақтың санасында «ақ бәтестен, не ақ жібектен тігілетін, алды қолдың ұшына дейін жауып тұратын, етегі өкшеге дейін жететін, төбесі дөңгеленіп бөлек салынатын әйелдердің басына салатын киімі» және «әйелдің басына тартатын ақ түсті орамалы» [12,212]. «Жаулық» некелескендікті білдіреді, өйткені «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» күйеуі бар әйелдер ғана тағатыны айтылады. «Жаулық» – инабаттылық пен ибалықтың, қазақ әйелі бойындағы ар-ұяттың көрінісі. «Ақ жаулық» – қазақта қасиетті ұғым, онда ана мейірімінің, көпті көрген көненің лебі есіп тұрады, сондықтан болар, «ақ жаулықты аналар» деп әйелдерге құрметпен қараған. Романда «ақ жаулық» тіркесін жиі қолдану арқылы қазақ әйелінің тектілігін паш етіп тұр.

«Іші тар кісілер реніш білдіре қалса, Еламан ақырып, тыйып тастап:

– Қой әрі. Онсыз да ат төбеліндей азғантай қазақты алалап, бірін – жат,

бірін – жақын тұта алмаспын. Маған балықшылар аулының бәрі туыс. Біз бәріміз ру, туыс қуалап табысқан жоқпыз. Бізді тағдыр табыстырды. Ал тағдыры бірдің – қазаны бір, – деп үнемі бүтіндікке, бірлікке шақыратын. Балықшылар аулының басын қосып, біріктіріп отырған ұйытқысындай еді. «Қайран, Еламан-ай!» – деді Кәлен ішінен» [11, 105].

Еламан «тамақ пісіруге арналған үлкен шойын ыдыстың» [13, 450] ғана ортақтығын емес, «өмір» өзенінде бірге жүзіп, дауыл-толқынды бірге көргендіктерін және қайғы-қуаныш болсын, о дан кейін де бірге бөлісетіндіктерін айтып тұр. Олардың ошақ басындағы қазандары бір және асылған тамағы да бір, сонымен қатар, жан кеудесіндегі «қазаны» – мұң-шері де, арман-мақсаты да бір, өйткені олардың жұбанышы да бір, қуанышы да бір. Тіпті, айналадан қауіп төнсе, бәрі бір болып, біріге қалады; бірді жалғызсыратпай, көп болып көбейе қалады. Міне, өмірден соққы жеп жалғызсырағандар балықшылар ауылына келіп, көппен көгеріп, жоғын жамап, барын біріне-бірі ұсынып отырған «қазаны бірлер».

«Мұхаммед пайғамбардың жасынан асып кеткеніме де төрт жыл болды. Осы күні мен өзімді сонау сәби кезімде ұзақ бір ұйқыға кетіп, енді міне, сол қалың ұйқыдан қартайғанда бір-ақ оянған адамдай сезінемін. Осынау ұзақ ғұмырымның өзі маған бір қым-қиғаш өң мен түс сияқты. Бұл өзі менің сонау бір бала шағымда қазақ даласындағы күштеп колхоздастыру кезінде басталған еді. Басқа республикаларда қалай болғанын қайдам, бізде Қазақстанда бұл «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген большевиктік басты ұранмен жүргізілді. Шынында да солай болды. Бүкіл байлығы – малынан айрылып, қолына көген, құрық ұстап қалған қазаққа енді қалғаны тек ажал ғана еді. Ол да болды. Сөйтіп, бас-аяғы біржарым, екі жылда үш миллионнан астам қазақ қара шыбындай қырылып қалды. Тұтас ауылдар, ру-тайпалар жойылып кетті. Қалса жетім-жесірлер қалды. Сосын репрессия басталды да қазақтың бүкіл оқығандары, білімділері, бетке ұстар азаматтары атылды, асылды, жер аударылды. Қазақ одан енді есін жия бергенде соғыс басталды. Қазақтың жарты миллион қыршын жас боздақтарының сүйегі жат елде, жат жерде қалды. Қысқасы, мен бес-алты жастан бері өз отандастарымның қырылуын көрумен келемін» [14], – деген Ә.Нұрпейісовтің жүрек үні оның ұлт жанашыры екеніне айқын дәлел. Олай болса, жазушы, аудармашы Анатолий Ким айтқандай: «Ол – Қазақ. Ол – өз ұлтының нағыз перзенті, оның бүкіл жүрген-тұрғанынан, мінез-құлқынан таза қазақылық көрінеді де тұрады» [14]. «Қазақ даласының таулары мен өзендері, көлдері мен кендері, қалалары мен ауылдары әрқайсысы өз жерінде, өз орнында, өз қасиеттерімен құнды, қажет екені секілді «Қан мен Тер» трилогиясы да атақты романдар қатарында өзіне тән ерекше де айырықша қасиеттерімен қымбат» [15]. Қорыта келгенде, Ә.Нұрпейісов – «Қан ман тер» романы арқылы қазақ көгінде ойып тұрып орын алатын заманымыздың тілдік тұлғасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ермекова Ж.Б.. Жұмабаев Мағжанның тілдік тұлғасы. <http://referatkaz.kz>
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. М, 1987. – 187 с.
3. <http://repository.enu.kz/handle/123456789/1751>
4. Кәрібаева, С.Е. С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект): Филология ғылымд. канд. дис. автореф. / С.Е. Кәрібаева; Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті.- Астана, 2010.- 22 б.
5. Уәли Нұргелді. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. канд. док. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 50 б.
6. Қожахметова Ф. Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дикурстық сипаты
7. http://kaztv.kaztrk.kz/kz/view/portal/page_39801_abdizhamil-nurpeiisov-90-zhaskatolady».
8. <http://www.writers.kz/journals/?ID=10&NUM=306&CURRENT=75&ARTICLE=816>

9. Танымдық қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: «Мұрагер» баспа үйі, 2005. 176 бет.
10. Мұратова Г.А. Абай тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі. Филология ғыл. док. ғыл. дәрежесі. диссер. авторефераты. Алматы, 2009. 50 бет
11. Нұрпейісов Әбдіжәміл. Қан мен тер. Трилогия. Алматы, «Жазушы», 1976. 824 бет
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том/Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011
13. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
14. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=2359>
15. http://www.zox.kz/load/aza_debieti/n_rpejisovty_an_men_ter_romanyna_salystyrma_ly_sal_astyrmaly_taldau/13-1-0-811

ӘОЖ 81'373.611:811.512.122

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМ ДЕҢГЕЙІНІҢ ИНТЕГРАТИВТІК СИПАТЫ ЖАЙЫНДА

Рсmbетова Айгерім Әбүгәліқызы

a.rsmbetova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология: қазақ тілі мамандығының ІІ курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Шоқабаева С.С.

Өз кезегінде ғылымдардың интеграциясы шамамен XX ғасырдың ортасынан басталды. Интегративтік әдіс күрделі нысанның жан-жақты қырын толықтыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде бірәспектiлi, көп көрiнiстiң орнына көпәспектiлi интегрaтивтi түсiнiк келедi. Яғни тiл бiлiмiнде жаңа бағыт – интегрaтивтiк тiл бiлiмi қалыптаса бастады.

Жалпы интеграция терминi тiл бiлiмiнде заманауи термин болғанымен, ғылыми әдебиеттердегi, дереккөздердегi мәлiметтерден оны талдаумен ортағасырлық ғалымдардың да айналысқанын, бұл терминдi ежелден қолданғандығын байқауға болады.

Ең алғаш интеграция терминi латын тiлiнде мынадай мағынада қолданылған: «қандай да бiр бөлiктердiң бiртұтас болып бiрiгуi, олардың арасындағы байланыстардың дамуы; қандай да бiр бөлiктердi немесе элементтердi қалпына келтiру, орнын толтыру, бiртұтастандыру; жекелеген бөлшектердiң тұтас байланыстылығын бiлдiретiн жүйелер теориясының ұғымы, сондай қалыпқа түсiретiн процесс» [1, 302].

Ал лингвистикада бұл ұғым жаңаша қырынан танылып келедi. Лингвистиканың өзi интегралды ғылым. Оның интегралдығы табиғи тiлдiң статикасы мен динамикасындағы құрылымы мен қызметiн зерттеу арқылы анықталады.

Сондай-ақ интеграция терминi тiл бiлiмi ғылымында мынадай мағынада қолданылады: «тiлдердiң бiрiгуi, бiрiгу процесiнде олардың айырмашылықтарының жойылуы» [2, 141]. Көрiп отырғанымыздай, интеграция терминiнiң бiрiктiрiп, тұтастандырушы ретiнде тiл бiлiмi ғылымында да өз мәртебесi бар.

«Интеграция» терминi бiрнеше ғылым салаларында қолданылады, бiрақ әрқайсысының өз зерттеу нысаны мен өзiне тән ерекшелiктерi бар. Бұлардың iшiнде кеңiнен тараған ғылым салаларына математика, экономика, лингвистиканы жатқызуға болады. Қазiргi қазақ тiлiнiң бiр саласы – сөзжасам да тiл бiлiмiнiң жеке саласы бола тұра, оның өзге салаларынан қол үзiп қалмай, тығыз байланыста, бiрлiкте дамиды. Тiл бiлiмiндегi интегрaтивтiк сипаттың көрiнiсi сөзжасамнан да байқалады.

Мақаламызда бiз қазiргi қазақ тiлi сөзжасам деңгейiнiң интегрaтивтiк сипатына тоқталамыз.